

# ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБАХАТ

## НН15 ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ РЕСПИРАТОРЫНЫҢ ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРАДА САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ

**Дайындаған: М. Смитсон**

**КҮНІ: 06.10.2013**

**КІМ ҮШІН ДАЙЫНДАЛДЫ: Джастин Хайн**

### **Кіріспе**

Джастин Хайн төмен температурада сақталғаннан кейін НН15 респираторын кию мүмкіндігіне сынау жүргізуді талап етті. Сынау мақсаты - төмен температурада сақталған респираторды киюге қажетті уақытты білу және кию кезінде респиратордың бүлінбегендігіне көз жеткізу.

### **Эксперимент**

НН15 қапталған респираторлары ағымдық өндірістік партиядан алынып, -40°C температурада мақсаттық температураға жеткізуді қамтамасыз ету үшін 24 сағат ішінде климаттық камерада сақталды.

Сақтау кезеңінің соңында қапталған респираторлар камерадан әр кезде біреуден алынып, 3 сыналатын респиратор үшін қаптамадан алу және кию уақыты тіркелді.

Киіп алғаннан кейін субъект терлеп кету деңгейін бақылау үшін респираторды бірнеше минут бойы киіп жүруі тиіс.

Респираторды шешкеннен кейін ол жыртылуы немесе үзілуі сияқты қандай болмасын бүліну белгілерін анықтау үшін сырттай қарап шығудан өткізіледі.

### Нәтижелері

РЕСПИРАТОР №	СЫНАЛАТЫН СУБЪЕКТ	ЖЫНЫСЫ	ҚАПТАМАДА Н ШЫҒАРУ УАҚЫТЫ	КИЮ УАҚЫТЫ	ЖАЛПЫ УАҚЫТЫ	ҚАРАП ШЫҒУ	АНЫҚТАЛҒ АН БҮЛІНУ БЕЛГІЛЕРІ
NH15-1	Д. ХАЙН	Ер	23	45	<b>68</b>	ОК	Жоқ
NH15-2	А. ДЖОНС	Әйел	22	43	<b>65</b>	ОК	Жоқ
NH15-3	М. СМИТСОН	Ер	18	32	<b>50</b>	ОК	Жоқ

### Қорытынды

Бұл сынаудан көргеніміздей, тиісті дайындықтан өткен пайдаланушылар NH15 респираторын 50-68 секунд ішінде киюлері мүмкін. Киіп алғаннан кейін пайдаланушы эвакуация мақсатында байқап қарау дұрыс өткендігін растайды. Сынау үшін пайдаланылатын үш респиратор бойынша бүліну белгілері жоқ екені расталды.